Алтайбаева Аяулым Нұрболдықызының «8D02201 - Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Түркі дүниетанымының жастардың саяси құндылықтарын калыптастыруға әсері» докторлық диссертацияға ғылыми кенесшінің

ПІКІРІ

Диссертациялық зерттеу Түркі дүниетанымының жастардың саяси құндылықтарын калыптастыруға әсерін зерттеуге бағытталған.

Тақырыптың өзектілігі саяси топ ретінде карастырылған жастар және осы топта саяси құндылықтарды калыптастырудағы өлшемдерге мән берілген. Қоғамның болашағы болып саналатын жастардың саяси белсенділігі жастардың саяси құндылықтарды калыптастыруымен тығыз байланысты және қоғамдық процестердің калыптасуына және өзгеруіне әсер ететін фактор ретінде саналады. Жастарда саяси құндылықтарды калыптастырудағы дүниетанымдық өлшемді анықтау тақырыптың өзектілігін құрайды. Сондай-ақ, диссертацияда жастардың саяси құндылықтарды калыптасуын арттыруға бағытталған жастар саясатының сипаты түсіндіріледі. Сондай-ақ, диссертацияда казак ұлтының құндылықтарымен катар түркілік құндылықтарға да орын беріледі. Түркі халықтарының тарихи калыптасқан ортак құндылықтары бүгінгі күнге дейін жалғасын тапқандығы, бұл сабақтастықтың қазіргі жастардың қабылдаған құндылықтарындағы көрінісі де баяндалады.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан және корытындыдан тұрады. Кіріспеде зерттеудің өзектілігі, мақсаты, міндеттері, жаңалығы және әдістемелік негіздері нақты көрсетілген.

Бірінші тарауда жастар философиялық-саяси талдау объектісі ретінде жастар ұғымы, жас мөлшері, жастардың қоғамдағы ролі, атқаратын функциялары карастырылады. жастардың әлеуметтік жас мөлшері Біріккен Ұлттар Ұйымы және баска да халықаралық ұйымдардың құжаттарындағы бекітілген жас мөлшері, Қазақстан Республикасында жастар әлеуметтік тобының жас шамасы және жастардың жас мөлшері әртүрлі елдерле түрлі өлшемде екендігі атап өтіледі. Сондай-ақ, жастардың жас мөлшерін нақтылайтын дүнеижүзілік бірінғай стандартты өлшем жок екендігі, тиісінше әр мемлекет жастар ұғымын анықтаудың жас мөлшерін елдің ішкі демографиясының жекелеген ерекшеліктеріне карай бекітетіндігі диссертацияда баяндалады. Сондай-ақ, осы тарауда «Заңнамалық жастар» ұғымына орын беріледі. Болашағын дамытуды көздейтін мемлекеттер жастардың білімін, экономикалық жағдайын, мәдени және саяси белсенділігін арттыруға бағытталған және қоғамдық өмірге тартуға байланысты қажетті шаралар жүзеге асырады. Бұл шаралар Қазақстанда жастар туралы заң, жастар саясаты, жастар жылы, жастарды түрлі салада әлеметтенуін көздейтін бағдарламалар түрінде көрініс тапқан. Қазақстанда жастарға қатысты қабылданған маңызды құжаттар: 1999 жылғы 28 тамызда бекітілген Қазақстан

Республикасының Жастар саясатының тұжырымдамасы, 2004 жылғы 7 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы және бұл заңдары атап өтіледі. Диссертацияда жастар тақырыбына қатысты құжаттар қабылдаған халықаралық ұйымдардың тиісті саладағы қабылданғаг құжаттары да аталып өтіледі. Сондай-ақ, аталған бөлімде жастарда құқықтық сауаттылық, құқықтық мәдениет және құқықтық сананы қалыптастыруда және арттыруда құқықтық ақпаратты оңтайлы пайдалану жолдары да қарастырылған. Екінші тараудың «жастар және білім беру: әлеуметтік-мәдени аспект» деп аталатын бөлімде білім – бір құндылық ретінде жастарды мақсаттарға бағыттайтын және тұлға ретінде қалыптасуын дамытуға бағытталған процестердің жиынтығы ретінде анықталады. Қазақстан Республикасының білім беру саясатының негізгі ұстанымдарында: білім берудегі барлық азаматтардың теңдігі; білімнің қолжетімділігі; білім берудің зайырлы сипаты; білім беруді және білім беру мекемелерінің әртүрлілігін ынталандыру; білім беруді басқарудың демократиялық сипаты; білім берудің гуманистік және дамытушылық сипаты; білім, ғылым және өндіріс интеграциясы; кәсіптік бағдар беру; білім беруді ақпараттандыру атап өтіледі. Білім беру саясатының маңызды бағыты білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылса, елімізде бұл бағытта жан-жақты бағдарламалар мен шаралар жүзеге асырылуда. Бұл бөлімде Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында білім беру саласында жүзеге асыоылған реформалары және оның оң нәтижелері де баяндалады. Қазақстан жастары хадықаралық рейтингтер бойынша сауаттылық және Жастар Сауаттылығы Индексі бойынша көрсеткіштің бірнеше дамыған мемлекеттердің алдына тұрғаны Қазақстанның болашақта жаңа зияткерлік держава бола алатынын мүмкіндігі бар екенін көрсетеді.

Екінші тарауда саяси құндылықтар және түркі дүниетанымы тақырыбы аясында: ғылыми дискурс кеңістігіндегі «құндылық», «саяси құндылық», «адамгершілік» ұғымдары, түркі дүниетанымға тән саяси құндылықтар және түркілік саяси құндылықтардың жастар санасына әсері тақырыпшалары қарастырылған. Диссертацияда «құндылық», «саяси құндылық», «адамгершілік» ұғымдарына ғалымдардың анықтамалары, қалыптасқан құндылықтардың қоғам өмірінің түрлі саласындағы әсері, құндылықтардың жіктелуі, құндылықтар тарихи кезеңдерге және өзгерістерге байланысты мәні мен мазмұнының өзгеріске ұшырайтын ерекшелігі, сондай-ақ адамның, әлеуметтік топтың санасында сәйкес идеялар, мақсаттар, нормалар түрінде рухани өмірдің өнімі ретінде пайда болатын және қызмет ететін «саяси құндылықтар» анықтамасы, қызметі және қоғамдағы ролі де қарастырылады. Түркі дүниетанымға тән саяси құндылықтар тақырыбындағы бөлімде – түркі дүние көзқарасындағы саяси түсініктердің ең алғаш әдеби эпостардың мазмұнында көрініс табатындығы баяндалады. Бұл тақырып бойынша мысал ретінде тува халқының «Хунан қара» батырлық дастаны және Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» этикалық-саяси трактатындағы саяси түсініктермен көрсетіледі. Түркі дүниетанымындағы «ел», «өлке», «мемлекет», «халық», «билеуші», «батыр тұлға» және т.б. ұғымдар және осы

ұғымларға қатысты терминдер де көрсетіліп бұл ұғымдардың қоғамдағы ролі ашылады. Түркі халықтарының поэмаларындағы саяси концепцияларының түйіні мемлекеттік билікті жүзеге асырудың негізгі қағидасы ретінде «әділеттілік» бірінші орынға шығатындығы, мемлекеттіліктің барлық мәселелері осы концепцияның призмасы арқылы қарастырылатындығы, сондай-ақ, билеушіден даналық, білімділік, жақсы мінез-құлық, халықпен жұмыс істей білу сияқты қасиеттердің көбірек болуы талап етілетіндігімен қорытындылайды. Екінші тараулы үшінші бөлімі – Түркілік саяси құндылықтардың жастар санасына әсері тақырыбына арналған. Түркілердің ұлттық болмысы ұлтына, тіліне, тарихына, мәдениетіне деген патриоттық сезімнен көрініс табады. Түркі патриотизмі өз мемлекеттілігінің дамуына, сонымен қатар басқа түркі мемлекеттерімен өзара әрекеттесуге ықпал етеді. Демократиялық идеялар түркі мемлекеттерінің территориясында орта ғасырлардан бастап пайда бола бастап, дала демократиясы да кең өріс ала бастады. Түркі халықтарының саяси құндылықтарының қалыптасу және дамуыда жастардың ролі маңызды болып табылады. Түркі жастары құндылықтарды ұстана отырып, өз қоғамындағы оң өзгерістерге белсенді түрде әсер етіп, түркі мәдениетінің жаһандық мұрасына үлес қоса алады.

Жастардың саяси құндылықтарын қалыптастырудағы дүниетанымдық өлшем тақырыбындағы диссертацияның үшінші тарауы: ұлттық саяси құндылықтарды қалыптастыру ерекшеліктері, жастардың саяси құндылықтарын қальптастырудағы бағдарлар мен тәсілдер және «Жаңа Қазақстан» контекстінде саяси құндылықтар қалыптастыру тақырыптарын қамтиды. Жеке құндылықтар саяси құндылықтарды ұйымдастырады және үйлестіреді. Қазақстан Республикасының «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі әзірлеген Ұлттық құндылықтардың жүйесі ұсынылған: Адам, Отбасы, Отан, Тіл, Руханият, Білім, Еңбек және Табиғат. Диссертацияда бұл құндылықтарға жеке-жеке тоқталып және еліміздегі бұл құндылықтардың жалпы жағдайына сипаттама беріледі. Жастардың саяси құндылықтарын қальптастырудағы бағдарлар мен тәсілдер тақырыбында Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңының» 20-26 баптарындағы нақтыланған: Республикалық және өңірлік жастар форумдары, мемлекеттік жастар саясаты саласындағы консультативтік-кеңесші органдары, жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымдар, жастар ресурстық орталықтары, "Жастар" ғылыми-зерттеу орталығы, жастарға арналған әлеуметтік қызметтер және халықаралық ынтымақтастығы туралы баяндалады. «Жаңа Қазақстан» контекстінде саяси құндылықтарды қалыптастыру – бұл елдің саяси жүйесін жаңғырту, азаматтық қоғамды дамыту және ұлттық бірегейлікті нығайту үдерісінде басты рөл атқаратын маңызды бағыт. «Жаңа Қазақстанда» саяси құндылықтар демократиялық жаңару мен реформалар арқылы қалыптасуда. Айта кететін жайт, саяси құндылықтардың орныгуы тек заңнамалық өзгерістермен емес, сонымен бірге қоғамдық сананың жаңаруымен тығыз байланысты. Саяси құндылықтарды қалыптастырудың маңызды бағыты ретінде саяси плюрализмнің қалыптасуы, ашық диалог пен қоғамдық бақылау (Ұлттық құрылтай, қоғамдық кеңестер

мен түрлі диалог алаңдары, Қазақстан халқы Ассамблеясы, азаматтық қоғам, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы туралы да баяндалады. 2022 жылдан бастау алған Жаңа Қазақстанның негізгі бағдалары, оның ішінде құндылықтарды сақтау және дамыту мәселелері: Қазақстан Республикасының Президентінің Жыл сайынғы Жолдау мәтіндерінде, Қазақстан Республикасының Ақпараттық Доктрина мәтінінде және Қазақстан Республикасының Ұлттық Құрылтай баяндамаларында басымдылық берілген тақырып ретінде белгілі.

Докторанттың зерттеу тақырыбы ғылыми тұрғыдан дәлелденген нәтижелерге қол жеткізгенін атап өткім келеді. Жұмыста Түркі дүниетанымының жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыруға әсері тақырыбының қазіргі заман үшін өзектілігі нақты көрсетілген. Диссертант ғылыми ізденіс жұмыстары барысында ізденушіге тән ұқыптылық, еңбекқорлық, академиялық адалдық сияқты қасиеттерді көрсете білді. Ізденуші философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша талаптардың барлығын табысты жүзеге асырды. Шетелдік кеңесші профессор Ахмет Ташғын ұстаздық ететін - Хажы Байрам университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп, аталған университеттің кітапханасында диссертацияға қажетті материалдар жинады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми басылымдарды жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша 5 мақала жарық көрді. Оның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда – 3 («Адам әлемі», «КарГУ хабаршысы», «ҚазҰУ Хабаршысы»); ғылыми практикалық конференцияларда – 1, Scopus журналдар базасына кіретін «Философия. Журнал Высшей школы экономики» журналында 1 мақала жарияланды. Сонымен қатар бірнеше ғылыми, ғылыми-практикалық конференцияларда диссертация тақырыбы бойынша баяндама жасады.

Қорытындылай келе, зерттеу жұмысы жоғары ғылыми деңгейде дайындалған. Ізденушінің диссертациялық жұмысы «Түркі дүниетанымының жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыруға әсері тақырыбы» құнды зерттеу болып табылады. Сондықтан, бұл диссертациялық жұмыстың авторы А.Н. Алтайбаева «8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
философия ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
философия кафедрасының профессоры **Ғ.Т. Телебаев**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басш
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестаци
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«28» 11 20 22 ж./г.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Некоммерческое акционерное общество «Казахский национальный университет имени аль-Фараби»
Non-profit joint-stock company «Al-Farabi Kazakh National University»
FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY 1934
БИН 990140001154